

баспасынан жарық көрмекші «Шашақты найза — шалқар күйі» жинағының толтырылған нұсқасына енгіздік. Содан бір күні М.Ысмағұловтың мұрағатын (жұбайы (марқұм) Соңду Дүймағамбетқызы бұл кісінің мұрағатының бәрін маған өткізген, менде сақтаулы) ақтарып отырып, Маханның «Жауға шапқан» күйін тауып алдым. Со бойла, түнгі 12-де Қаршакеңе телефон шалдым: «Тағы бір жаңа күй табылды» деп сүйінші сұрадым. О кісі де «жақсы болды» деп қуанышын жасырмады. Сөйтіп, бұрынғы жеті күйге жаңа 4 күй қостық. 11 күй болды.

Біздің қолымызда бір ғана орындаумен «Қайраңды құнаер», «Ақ Жайық», т.б. Махамбеттің мұрасы боп жеткен күйлер бар. Біз оны өзiрге састап отырмаз. Анықтайтын тұстары көбірек, кез-келген қисынысыз нәрсені жаулаудан аулақтас. Бұл дүние-лерге деген қатысты деректер, жаңа үлгілері табылған қалар деген үмітіміз жоқ емес.

Біз бұған дейін «Ақжеленнің» атасы деп Ұзақ Мырзабайұлын

Өйткені, Махамбет күйін орындайтын керемет күйші Оразғали Сүйімбаевті 35 жыл бұрын академик Ахмет Жұбановқа жолықтарған өзі болатын. Мұстафа Шәмбілұлы 1957 жылы Алматыға қонаққа келген Оразғали ақсақалдан Махамбеттің күйлерін естіп, қуанғанын есі шығып жүріп, ұнтаспаға дұрыс жазып ала алмайды. Оразғали ақсақал келер жылы келуге уәде етіп, асығыс жол жүріп кетеді. Келесі жылы Оразғали ақсақал Алматыға тағы келеді. С.М.Киров атындағы университеттің мұғалімі Ханғали Сүйіншіәлиевтің үйіне тоқтап, сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің фотолішісі Сивз Бәсібековті М.Ысмағұловты жақсы домбырасымен шақырып келуге жұмсапты. Қараңғаланған бөлмеде демалып жатқан Оразғали ақсақал терезені ашырып, домбыраның күйін келтіріп: «Мұстафа інім, тыңда батыр Махамбеттің күйлерін» деп төге жөнеліпті. 40-қа тарта күй бірден жазылып алынады. Келесі күні Мұстафа Шәмбілұлы қалыптас-

қомектескенін, қандай өнер жолгерлерін тауып бергенін, өнер адамдарымен кездестіргенін айтады. Дейтұрғанмен, көп ақиқаттың кілтін өзімен бірге ала кеткенге ұқсайды. Реніпті, өкпелі хаттар да жетерлік. Жұбайы, марқұм Соңду апаймен мұрағаттарды ақтарып отырып, көп жұмбаққа тап болды. Ең қиыны — осы Махамбет күйлеріне байланысты сияқты. Ақан өмірден өтіп кеткен, жарғақ құлағы жастыққа тимей, Д.Қонаевқа да хат жазған күйлері болыпты. «Махамбеттің күйлері оркестрге түссе, Ө.Ескәлиев, Б.Қарабалина, Р.Ғабдиев, Ш.Ахмедияров, А.Жайымов, Ш.Әбділтайев сынды домбырашылар орындап, тыңдаушысына жеткізсе» деп армандапты. Бүгінгі таңда мұның бәрі орындалды. М.Ысмағұловтың мұрағаты арқасында көп күйлер өмірге оралды.

20 жылдай уақыт бойы кейбір мамандардың салғырттығынан Махамбет мұрасы қамауда қалды, жанысыз күй кешті. 1979 жылы М.Ысмағұлов Ғазиза Ах-

**Махамбет күйлеріне ортақ басты қасиет не деп ойлайсыз?**

— Махамбет күйлері — тегеурінді, текті, әуелі өріл, мазмұны мәнерлі де мәңгі, классикалық кесек, шоқтығы биік туындылар. Бұл күйлердің ырғақ жүйесі жинақы, шапау шығып, босанғанын тусы жоқ, жайбар-қат, жайсан басып, саусақ суытып, шуақтауға оның уақыты да, күй тақырыбы да, межеге алған уақытасы да көтермейді. Бұл — азаттықтың ақ таңын аңсаған күрес жолы. Махамбеттің күйлері — ұлттың азаттық жолындағы көтерілісінің көрінісі. Оларын екпін ерекшелігімен өршіл, ламыл таппай ала ұмтылады. Назалы «Өкініш», «Тарлапым», «Арысымнан айырдым» күйлерінің өзінде әуелдегі ішкі күрсілікті шымыр қағыс қарқынды екпінмен көмкеріп, күйге жасымайтын жігер, қаймықпайтын қауһарды болмыс сомдаған. Едік, боркемік болдауың әуезден, солғын салдан алшақ дүниелер. Сорға біткен сорманды бо-

сқа ештеңе айтуға болмайды. Керемет. Бірақ, мені бір ойлаңдырғаны — басқа еш жерде дәл мұндай жұмыс істеліп жатқан жоқ. Ең болмаса, Махамбетке



Мадир Ысмағұлов «Махамбет»-1987 ж.

# ОНЫҢ ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ

танып келдік. Дейтұрғанмен, «Махамбет Боғда күйшімен кездесіп, күй тартысқанда «Ақжелен» деген күйін ойнаған» деген дерек зерттеушілік еңбектерде, мақалаларда сақталған. Бұл туралы Исатай Кенжалиев те, Мұстафа Ысмағұлов та жазған кезінде. Боғданың да бірнеше «Ақжелені» бар екендігі, Құрманғазының Исатай-Махамбет көтерілісіне арналған «Кішкентай» күйін шығарғандығын да білеміз. Бірақ, біздің қолымызда халық күйі «Ақжелен» дегендер де көп. Бір-біріне ұқсап тұрған да түрлері бар. Дейтұрғанмен, дұрыс дерегін таппай, біз оларды мынау Махамбеттікі еді деп тағы жариялай алмаймыз. Махамбеттің жылы биылменен бітпейді, біз іздей береміз. Алдағы үш жыл — «Ауыл жылдарында» да осы игілікті істер жалғасын болады. «Ел іші — өнер кеніші» деген. Өнердің бәрі ауылда. Ал өзiрге Махамбет тойына бас-аяғы ашық 11 күйін ұсына аламыз. Соңғы табылған төртеуінің әр орындауғағысын салыстыра отырып, озық түрлерін нотаға түсірдік. Заманымыздың озық күйшісі К.Ахмедияров алғашқы 7 күйді шығарғандықтан, соңғы табылған күйлерді де Қаршакеңе табыстадық.

**— Махамбет күйлері аталған жерде Қаршағал Ахмедияровтың есімі қосарлана жүруі заңды дейсіз ғой. Махамбет күйлерінің халыққа оралуына тағы кімдердің еңбегін айрықша бөліп айтар едіңіз?**

— Тыңдаушы мен автордың аралық күре тамыры — орындаушы. Міне, Махамбет күйлері де орындаушылар арқасында жетті. Сондай-ақ, 1982 жылы жарық көрген «Шашақты найза — шалқар күй» жинағының шығуы Махамбет күйлерінің халыққа тез тарауына мұрындық болды. Әрбір жоқтың жанышары болмаса, жанданбай қалағын кездері болады. Сонау, 1950 жылдары осы жөдігерлер астана Алматыға келіп, мәлім болып тұрып, тыныссыз қалуы елім деп, ерім деп бар өмірін сарп еткен азамат Мұстафа Шәмбілұлы Ысмағұловтың жанына қатты батады.

қан әдет бойынша Ахмет Қуанұлына хабарлайды. Қуанышты хабарға Ақан тез жиналып, С.Бәсібеков, Х.Сүйіншіәлиев, М.Ысмағұлов — төртеуі Оразғали ақсақалға келеді.

Амандық-саулықтан кейін Ахмет Қуанұлы: «Ақсақал, мен сізден сынақ ала келдім» деп өзілдей, домбыраны қолына алып, Арыстанның күйін орындайды. Ақан кейбір тұстарында кібіртіктесе керек, даланың тарлаңбозы шыдамсызданып: «Жоқ, профессор, сынақты мен сізден алам — Арыстанның күйі олай емес, былай орындалады» деп домбыраға қол созады. Талай күйшіні, талай шежірені, талай мінезді көрген Ақанның бұл бір өдісі болса керек. Оразғали Махамбеттің, Құрманғазының, Арыстанның, т.б. бұрын белісіз күйлерді бірінен соң бірін шабыттана орындайды. Риза болған Ақан тындап біткен соң, «жақсы сыншы екенсіз» деп қосылып, таң қалғанын да жасырмай, Махамбет күйлерін қайта-қайта орындайды. Осы кезде айтқан «Бұл күйлер — ешбір күйлерге орайласатын тұсы жоқ, айрықша туындылар, ал «Жұмыр-Қылышты» орындаған кезде сөз қосу артықшылық. Бұл күйлер екпін, мазмұны, ырғақтың желісі, әуез күйіліммен Махамбеттің өлең ырғақтарына дәл келеді» деп баға берген сөздерін «Ғасырлар пернесі» кітабында да жазып қалдырды. М.Шәмбілұлына өзінің осы еңбегін «Мұстафа, Махамбет күйлерін табуымен қазақ өнеріне үлкен үлес қостың, шын ниетпен, ақ тілегімен» деп жазып сыйлаған екен. Сонымен қатар, күйлерді ертеніне консерваторияның фольклор бөлмесіне әкеліп жаздыруды сұраған. Ертенінде уәде бойынша М.Ысмағұлов, С.Бәсібековтер Оразғали ақсақалды ертіп апарып, 37 күй жаздырады. Микрофонға С.Бәсібеков сөйлеп, жазуды А.Серікбаева жүргізіп отырады, сол кездегі фольклор бөлмесінің қызметкері Е.Рахмдиев нотаға түсірген. А.Серікбаева Фрунзе қаласына жұмыс ауыстырып, бұл күйлер консерваторияны жаңа бітірген Т.Мерғалиевқа тапсырылады. М.Шәмбілұлы өз деректерінде А.Қуанұлының тілегі бойынша халық мұрасын жинақтауда Т.Мерғалиевқа

метқызымен ақылдасып, күйлері тауып, дүлдүл домбырашы К.Ахмедияровқа тапсырған. К.Ахмедияров өзі екі-үш жыл сахнада орындап, тыңдарманның жүрегіне ұялатып, құлақтар қып барып, нотаға түсірген, ең әуелі күйтабақ шашты, кейін кітабы жарық көрді. Махамбет күйлерімен К.Ахмедияровтың қосарлана айтылатыны сондықтан. Оның қолына түспегенде, Махамбет күйлерінің тағдыры қандай боларын елестету мүмкін емес. Тартыс пен жырттыстың кесірінен үлкен, дара күйшілік мектептен айырылар едік. Олай дейтінім, «Сорос» қорының демеушілігімен 1999 жылы компакт-диск шығармақшы болып, бүкіл мұрағаттан Махамбет күйлерін іздестіргенімде, тек қана К.Ахмедияровтың әр кезінде орындаған ұнтаспалары ғана бар екен. Сондықтан да бүгінгі таңда К.Ахмедияров — Махамбеттің төл шәкірті деп айтуға толық қақылымыз. Жаңа ғасырға жақұттай жарқыратып жеткізуші де, бірден-бір шебер орындаушы да, бақилық бақ, мәңгілік тыныс берген де — К.Ахмедияров. Болашақта Махамбет күйлерін Қаршакеңенің орындаушынан үйренген А.Үлкенбаева, С.Ерғалиева, Б.Игілік, С.Қудайбергенова сынды домбырашылардың да нұсқасы алынады. Қазіргі кезде Махамбет күйлерін орындаушылар, сүйсініп тыңдаушылар көбейді. 200 жылдық мерейтойына орай 7 күйін түгел Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері А.Жайымов оркестрге түсірді. Атырау облысының, батырдың туған жерінің перзенттерінен құралған «Нарын» оркестрі көршілес облыстарда болып, Махан күйлерін халыққа таныстырып қайтты. Ал Дина атындағы академиялық оркестр (бас дирижері Қазақстан халық әртісі Р.Ғабдиев) Махамбет күйлерінің бірінші орындаушысы К.Ахмедияровпен бірге Атыраудан бастаған күй шеруін Астанадағы концертпен аяқтады. Махамбет күйлері әйгілі күйшілердің орындауларында.

**— Махамбет күйлеріне тәжірибелі маман, кәсіби күйші ретінде қандай баға бересіз?**



И. Никель «Махамбет батыр»-1958 ж.

зандықтан құтқарып тұрған тағы бір күдірет — қағыс жүйесі. Қағыстары өте күрделі болса, күнірене көсілген күйдің де, кескінді көсем күйдің де, лықсып тола тасыған толғау күйдің де кілті ашылады.

Махамбет күйлерінен сол дәуірдегі күйшілік мектебінің, күй тілінің шыны биік, классикалық үлгіде болғандығын өлшемдік, иірім айшық, буын құрылымынан да байқауға болады. Бұл ұлы үрдістер Махамбеттен кейінгі халық күйшілеріне де бағаналы бағыт болды. Махамбет күйлеріндегі әуез әрі Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Боғда, Дина, т.б. күйші-композиторлар шығармашылығында қылдан берелі, күй күймесінің ізі бар, күй сүрлеуі сілемдерінің табы бар.

**— Махамбеттің шығармашылық мұрасы дәріптеуде жетпей жатқан тұстарымыз бар деп ойлайсыз ба?**

— Биылғы Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына байланысты Атырауда көп жұмыс жасалып жатыр. Мен бытыр барғанымда Махамбеттің өлеңдерінің жолға, әр мектептің алдына жазылғанын көрдім. Күйтақандай балаға дейін Махамбеттің өлеңдерін жатқа оқығанын естідім. Атырауда атқарылып жатқан ігі шараларға алғыстан ба-



Отарбай Кендіров «Қайран Нарын»-2003 ж.

байланысты Атырауда болып жатқан шараларды бүкіл Қазақстанның біліп отыруы керек қой. Махамбет — жалпы қазақтың Махамбеті. Махамбет — мәңгілік тулға. Осыған орай Атырауда жыршылар, әншілер байқауын, ақындар мұшайырасын, домбырашылардың республикалық сайысын өткізді. Осылардың бәрі неге телеарналардан берілмеске?! Дина оркестрі Алматыға келіп, концерт берді. «Қазақ-концерттің» алдындағы бір жапырақ құлақтандыру басқа еш жерде жарнама жасалмады. Осындай жалы қазаққа ортақ рухани тойлардың Атыраудан басқа жерлерде елеусізден, ескерусізден қалып жатқанына қадімгідей өкінімім.

Өңгімелескен Салтанат ӨТЕУҒАЛИЕВА.